

Бұланды ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы Бұланды ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 14 сәуірдегі № а-04/111 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37 бабына сәйкес Бұланды ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес әкімдік қаулыларының күші жойылды деп танылсын.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Аудан әкімі

Қ.Испергенов

Бұланды аудан әкімдігінің
2016 жылғы "14" сәуір
№ а-04/111
қаулысына қосымша

Күші жойылды деп танылған Бұланды ауданы әкімдігі қаулыларының тізімі

1. "Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Бұланды ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 11 шілдедегі № А-07/272 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2012 жылғы 30 шілде № 1-7-159 болып тіркелген, 2012 жылы 10 тамызда аудандық "Вести Бұланды жаршысы" және "Бұланды таңы" газеттерінде жарияланған);

2. "Бұланды ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 11 шілдедегі № А-07/272 " Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Бұланды ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 10 қазандағы № а-10/370 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2013 жылғы 3 қарашада № 3870 болып тіркелген, 2013 жылы 15 қарашада аудандық "Вести Бұланды жаршысы" және " Бұланды таңы" газеттерінде жарияланған)

3. "Бұланды ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 20 қаңтардағы № А-01/11 "Бұланды ауданында мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Бұланды ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 10 қазандағы № а-10/371 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2013 жылғы 3 қарашада № 3871 болып тіркелген, 2013 жылы 15 қарашада аудандық "Вести Бұланды жаршысы" және "Бұланды таңы" газеттерінде жарияланған);

4. "Бұланды ауданы бойынша 2016 жылға қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсынысты айқындау, ұйымдардың тізбесін, қоғамдық жұмыстардың түрлерін, көлемі мен нақты жағдайларын, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшерін және олардың қаржыландыру көздерін бекіту туралы" Бұланды ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № а-12/356 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2015 жылғы 31 желтоқсанда № 5167 болып тіркелген, 2015 жылы 8 қаңтарда аудандық "Вести Бұланды жаршысы" және "Бұланды таңы" газеттерінде жарияланған);

5. "2016 жылғы халықтың нысаналы топтарына жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы" Бұланды ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № а-12/357 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2015 жылғы 31 желтоқсанда № 5168 болып тіркелген, 2015 жылы 8 қаңтарда аудандық "Вести Бұланды жаршысы" және "Бұланды таңы" газеттерінде жарияланған).